

Ә. Б. ОРАЗБАЕВА

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫНЫң ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА

Қазақ тілінің сөздік қорының айрықша және мол бөлігін құрайтын жалқы есімдер көп жағдайда өз бойына сінірген және сактаған өтө құндың этномәдени мазмұнды ақпараттарға және мәліметтерге бай болғанымен қазақ ономастикасында этнолингвистикалық бағыттағы зерттеулер өткен ғасырдың 90-шы жылдары жүргізіле басталды. Мәселен, 1992 жылы қорғалған Е. Ә. Керімбаевтің докторлық диссертациясы қазақ жалқы есімдерінің атауыштық (номинация) табиғаты және қызметі этномәдени түрғыдан қарастыруға арналды. Е. Ә. Керімбаевтің пікірінше: “Қазақ жалқы есімдерін этномәдени аспектіде зерттеу қазақ ономастикасының этнографиямен, материалдық және рухани мәдениеттепен кен әрі алуан түрлі байланыстарын, өзара қатынастарын ашып көрсетеді. Жалқы есімдерде халықтың жайғасқан орны мен этникалық құрамы туралы ақпарат, материалдық және рухани мәдениеті жөніндегі деректер, діни дүниетаным мен сенімдер, әдет-ғұрыптар мен салттар және халықтың рухани әрі әлеуметтік өмірінің басқа да салалары туралы мәліметтер орын алуы мүмкін” [1, 9].

Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этномәдени сипатын арнайы зерттеген Ү. Р. Ержанова жер-су аттарының ұлттық мәні жөнінде былай дейді: “Топонимдердің этнолингвистикалық сипаты – қазақ тіліндегі лексикалық единицалардың табиғатымен байланыста тұтас зерттелетін мәселе. Сондықтан оны жалпы тілдік құрылым жүйесінің дамып қалыптасуынан, тіпті түркі тілдерінің тарихи даму барысынан тыс карау мүмкін емес. Түркі халықтарының туыстық, тарихи-мәдени байланысы, тығыз қарым-қатынасы ономастика жүйесінде көптеген ортақ белгілердің пайда болуына өсер етті. Сондықтан қазіргі таңда кез келген құбылыстың табиғатын тек оның тілдік занылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың, халық дүниетанымына, ел-жер тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұлттық менталитетіне тығыз байланыстыра зерттеу кен өріс алуша” [2, 22].

Жалқы есімдердің этномәдени сипатын немесе идиоэтникалық семантикасын қалыптасты-

ратын, бейтілдік яғни экстралингвистикалық түрғыдан шешуші өсер ететін факторларға Е. Ә. Керімбаев географиялық, этнографиялық және тарихи-әлеуметтік факторларды жатқызады [1]. Табиғи немесе географиялық орта халықтың ономастиконына (жалқы есімдер жиынтығына) өсер етуші фактор, себебі халықтың материалдық және рухани мәдениеті сол ортандың ықпалымен қалыптасады және ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне табиғи (географиялық) ортандың ықпалы байқалады. Мәселен, шаруашылықтың белгілі бір типіне (егіншіліккө, көшпелі мал шаруашылығына, балықшылыққа т.б.) табиғи бір ортада ғана сол шаруашылық типі пайда болып, қалыптаса алады.

Қазақ халқының географиялық терминологиясын зерттеген белгілі топонимист-географ Ф. Қоңқашбаев былай деп жазған: “Қазақстан жерінің кеңдігінен оның табиғаты да әртүрлі, онтүстігі құмды ыстық шөлдер болса, солтүстігінде орманды далалар, ал онтүстік-шығысында бір белдеуде созылып жатқан таулар. Осындай табиғи ерекшеліктер шаруашылықты жүргізу үшін өсер етеді. Ертеректе қазақтар тек көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, малға жайлым іздеп, жыл бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан казақтар территорияның ландшафттық ерекшеліктерін, өсіресе, ең негізгі қажеттілігі – мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты менгерген. Сондықтан қазақ халқының географиялық терминдерінің көбі мал шаруашылығымен байланысты (малға пана болатын жайлар, жайылым, су қоймаларына қатысты т.б.). Ал жер өндеуге байланысты терминдер оған қарағанда азырақ” [3, 21].

Қазақ топонимдерінің едәуір бөлігі халықтың географиялық терминдер арқылы жасалынғанын ескерсек географиялық ортандың топонимдер семантикасында көрініс тапқанын анфарар едік. Қазақ жер-су аттарының этномәдени сипатын қалыптастыратын аталмыш географиялық атауларындағы географиялық ортандың тілдік көрінісін жатқызамыз. Сондай топонимдер катарына Ә. Кекілбаевтің “Елең-алаң” романындағы

Шыршалы ауылы, Қызылқұм, Тосынқұм, Қызылжал, Қарасай, Қамысты өзені т.б. атаулар жатады.

Қазақ топонимдерінің этномәдени сипатқа ие болуына және де этнографиялық фактор зор ықпал еткен. Этнографиялық факторға шарушылықтың мәдени типін, Әдем-тұрыптарды, салт-дәстүрлерді, наным-сенімдерді, ырымдарды, дінді т.б. жатқызуға болады. Этнографиялық фактор көп жағдайда географиялық факторлармен байланысты болып келеді. Осы занылыштық казак топонимиясы мен географиялық терминологиясының тілдік көріністерінен байқалады. Мәселен, Ф.Қонқашбаев айтқандай: “... өмірдің өзі оны (малшыны) қандай бір жайылымның ерекшелігін жан-жақты білуді ғана мәжбүрлеп қойған жоқ (өсіреле жер бедерін, ауа райы, өсімдіктер, су және бұлақ көздерін, оларды пайдалану мерзімдерін, әртүрлі малдарға пайдалануға жарамдылығы т.б.) сонымен қатар малды қолайсыз ауа райынан қорғау үшін көшіп бара жатқанда бағыт-бағдар алуға қызмет ете алатын ландшафтың барлық ұсақ ерекшеліктерін де белгілеп отыруға тәуелді етті” [4, 3].

Қоршаған ортаға көзқарас көп жағдайда көшпелі мал шаруашылық мұқтаждарына катысты қалыптасты, сол себепті табиғат ерекшеліктері мен жағдайларының басты белгілері халықтық географиялық терминологияда және жер-су аттарында бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ топонимдерінде табиғи орта мен этнографиялық факторлар бір тұтастықта, диалектлік байланыста өз көрінісін береді.

Қазақ географиялық атауларының этноэкологиялық негіздерін зерттеген К. Қаймулдинова топонимдердің мағыналық жүктемесі мен шаруашылығының қажеттіліктерінен туындағанын аттай келе, былай деп жазады: “Қазақ халқының географиялық терминдері мен атауларының ақпараттық жүктемесіне қатысты мынадай мәселелерді атап өтуге болады:

- мал шаруашылығын жүргізу тәжірибесі үрпактан үрпакқа жергілікті табиғат ерекшеліктерін ескеру, ортаға бейімделу тұрғысынан беріліп отырғандықтан, географиялық жағдайлар, шаруашылықтың мамандану тәрізді факторлары халықтық географиялық терминологияның жіктелуі мен өзіндік ерекшеліктерін тудыруды;

- табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су аттарында жергілікті жердің ландшафттық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталған;

- халықтың табиғатты пайдалану жүйесі, оған негіз болған ландшафт компоненттерінің (литология, жербедер, климат, су көздері, топырақ, органикалық дүние) біртұтас жүйесінің ерекшеліктері микротопонимдердің мағыналық жүктемесінде өз “ізін” қалдыратыны нақты мысалдар арқылы дәлелденді;

- жайылымдардың семантикалық ұлгілерін карастыру нәтижесінде оларда табиғи ерекшеліктері (рельефі, литологиясы, ылғалдану дәрежесі, өсімдік дүниесі) және шаруашылықты пайдалану дәрежесі мен мүмкіншіліктері жөніндегі деректер жинақталғандағы анықталды;

- мал шаруашылығын үйімдастырудың көшпенді сипаты казак топонимиясында бағдарлау нүктелері мен маусымдық қоныстарды, көшу маршруттарын айрықша атаулармен бейнелеуге негіз болғандығы анықталды” [5, 56].

Қазақ жер-су аттарының этномәдени сипатын қалыптастыруда көшпелі мал шаруашылығының рөлі ерекше. Қөптеген қазақ топонимдерінің идиоэтникалық семантикасында көшпелі мал шаруашылығына қатысты мәліметтер сакталған. Сондай топонимдердің идиосемантикасын анықтауда этнолингвистикалық аспектіде жүргізілген еңбектердің мәні жөнінде М. М. Копыленко былай деп жазды: “Көрсетілген аспектіде Е. Ә. Керімбаевтің еңбегі ете маңызды қызығушылық тудырады, мұнда экстралингвистикалық факторлардың ономастикалық номинацияға әсер ету дәрежесін айқындауға нағыз шынайы талпыныс жасаған. Номинация уәждеріне қарай Қазакстанның орографиялық нысандары атаулары тиянақты жасалған, олардың көвшілігі үлттық ерекшелігі жағынан күдік тудырмайды. Мәселен, пішіні (конфигурациясы) бойынша оронысандардың атауын қарап көрініз: *Керегетас* – (Кереге – киіз үйдің қабырғасы), *Кебежетас* (Кебеже – тамақ сақтайтын сандық). Оронимдердің этникалық ерекшеліктеріне де назар аударыныз. Қөптеген жәндік атаулары оронимдерде де орын алған, мәселен, *Кенелі*, *Шыбынды*, *Соналы*, өйткені қазақ малшылары үшін осы территорияда белгілі бір жәндіктің (кене, сона т.б.) болуын көрсететін атаулар маңызды” [6, 54].

Қазақ оронимдерінің этносемантикалық белгілерін Өңтүстік Алтай тау аттарын зерттеген Б. Н. Бияров былай жіктейді: 1) мал және басқа үй жануарлары туралы әртүрлі мәлімет беретін *Ақтайынша*, *Ақтүйе өлген*, *Алты сиыр*, *Бисеймас сай*, *Ешкіолген*, *Итолген* т.б. атаулар; 2) малдың

қысқы, жазғы тұрақтары, өріс жөнінде мәлімет беретін, құрамында қора, қотан, жұрт, қытай, тенсек, үйең, жалақ т.б. терминдер бар атаулар: *Байқотан, Бауырдагы қора, Қаламақ жұрт, Киян қыстау, Тасуиң т.б.*; 3) малға жайылым болатын шөпті, сазды жерлердің аты: *Ақолен, Бақбак, Боз жусан, Жапырақты, Жатақсаз, Құрымбай сазы, Майсаз, Отсаз, Аиылы, Белаши т.б.*; 4) мал суаттарын білдіретін гидрографиялық индикаторлары бар атаулар [7, 19].

Қазақ топонимдерінің этномәдени сипатын қалыптастырған жер-су, мекен атауларының ұлттымыздың материалдық және рухани мәдение-тімен сан алуан түрлі байланыстары бар деп айтудымызға болады. Қазақ географиялық атауларының ұлттық-мәдени коннотациялары көшпелі мал шаруашылығынан басқа да, мәселен, отырықшы – қала мәдениетімен, егіншілікпен, аң аулау, қолөнер, дін, әдет-ғұрыппар т.б. рухани және материалдық мәдениет құбылыстары мен негіздері арқылы пайда болып қалыптасқан. Сол себепті идиоэтникалық семантикаға ие қазақ топонимдерінің құрамында түрлі лексика-тақырыптық топтар кездеседі. Осындай жер-су аттарының этносемантикалық түрлерін Павлодар облысы топонимдік материалдары бойынша географ-ғалым К. Т. Сапаров былай жіктейді:

- табиғи объектілерді жекелеуші батпақ жерлер – *саз, томар, былқылдақ, батпақ, ми*; топырақ түрлері – *аиы, тұщы, сортан*, кейбір жайлау түрлері – *Сарыжайлай, Жетіқоңыр*;

- әртүрлі дene боліктегі – анатомиялық терминология (*жал, бұғаз, қабырга, көз*);

- этнос атаулары – этнонимдер, ірі ру атаулары (мыс., *қалмақ, қазақ*) және кіші ру атаулары (мыс., түркі және монгол халықтарына тән), генонимдер (мыс., *көрей, уақ, матай, байыс*);

- тұрмыс заттары (мыс., *көреге, қазан, шұмек, сандық, қоржын*);

- діни-мифологиялық кейіпкерлер мен бейнелер (мыс., *әулие, баба, ата, шайтан*);

- тарихи және тұрмыстық оқиғалар (мыс., *Қалмақ қырган, Қалмақ құлаган, Ордақонған, Тақиякеткен, Жынды қатын бұлагы*) т.б. [8, 126-127].

К. Т. Сапаров көрсеткен этномәдени сипаттағы қазақ топонимдерінің жіктемесі (классификациясы) идиоэтникалық семантикаға ие топонимдердің барлық түрін қамтиды деп айта алмаймыз. Мәселен, бұл жіктемеге ежелгі қала мәдениетіне, қазақ салт-дәстүрлеріне, ойын-бәйгелеріне т.б. қатысты лексика-тақырыптық топтар енбеген.

1990–2000 жылдар аралығында қазақ жер-су, елді мекен атауларын зерделеу барысында жана этнолингвистикалық зерттеу бағыты қолданылды, әлемдік лингвистиканың күн тәртібінде тұрған антропоцентристік парадигмаға бетбұрыс жасалынды. Соның нәтижесінде:

“- ұлттық ономастиконның бет-бейнесін қалыптастыруға қатысатын тарихи, этномәдени және қоршаған табиғи орта ерекшелігі ұйытқы болатындығы дәлелденді;

- қазақ жер-су атауларын жасауға қатысатын халқымыздың рухани, мәдени дүниетанымдық жүйесі мен материалдық тұрмыс-тіршілігіне байланысты ұғымдар кешенінің ортак, бірегей екендігі анықталды;

- ежелгі қала мәдениеті, отырықшыл дәстүрі, саурамалы шаруашылық ертеден қалыптасқан онтүстік-шығыс өнірлерінде осы кәсіптерге қатысты қалыптасқан жер-су атаулары мен географиялық апеллятивтер репертуары, терміндік жүйесінде өзгешеліктер байқалады” [9, 27].

Этномәдени сипаты мен мазмұны бар қазақ географиялық есімдері ұлттымыздың материалдық және рухани мәдениетімен байланыстылығы арқылы айқындалады. Жалпы айтқанда, топонимиалық жүйеде материалдық және рухани мәдениет өзіндік тілдік көріністерін береді және де этномәдени компоненттері бар топонимдер материалдық және рухани мәдениет ықпалы аясында пайда болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Керимбаев Е.А.* Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф. дис. докт. филол. наук: 10.02.06. Алматы, 1992. 61 с.

2. *Ержанова Ү.Р.* Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғылым. канд. автореф.: 10.02.06. Алматы, 1998. 24 б.

3. *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины: автореф. дис. канд. географ. наук. Алматы, 1949. 23 с.

4. *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины // Известия АН КазССР. Серия географическая. 1952. №99. С. 35-48.

5. *Қаймулдинова К.* Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. Оқу құралы. Алматы: “Ғылым” ғылыми баспа орталығы, 2001. 21 б.

6. *Копыленко М.М.* Основы этнолингвистики. Алматы: “Ақыл кітабы”, 1997. 178 с.

7. *Баяров П.Н.* Өр Алтай (Оңтүстік Алтай) оронимдері (тарихи-лингвистикалық талдау): филол. ғылым. канд. дис. автореф: 10.02.02. Алматы, 2000. 28 б.

8. Сапаров К.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Павлодар: “ЭКО” ГӨФ, 2007. 308 б.

9. Жанұзак Т., Рысберген К. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. Алматы: Азия, 2004. 128 б.

Резюме

Рассматривается история изучения вопроса этно-культурной связи казахских топонимов с материальной и духовной культурой казахского народа.